



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ




# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР ҚЫРКҮЙЕК 2024

**2024 жылдың қыркүйек айында халықтың инфляциялық күтулері 14,1%-ға дейін өсті. Бұл ретте тұтыну көңіл-күйі жақсарды: елдің даму перспективаларына және жеке материалдық жағдайдың өзгеруіне берілген баға жоғарылады.**

### Халықтың инфляциялық күтулері

2024 жылдың қыркүйек айында халықтың инфляциялық күтулері медианалық мәні<sup>1</sup> 14,1%-ға өсті (2024 жылғы тамызда – 13,1%) (1-график). Сонымен қатар, соңғы 12 айда сезілген инфляцияның медианалық мәні де 13,6%-ға өсті (13,4%).

**1-график. Инфляция және оны бағалаудың медианалық мәні, %**




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab


2024 жылдың қыркүйек айында азық-түлік емес тауарлар бағасы өскенін айтқан респонденттердің үлесі (15,8%) айтарлықтай өзгерген жоқ (2024 жылғы тамызда – 16%). Сонымен қатар, азық-түлік қымбаттағанын байқаған респонденттер үлесі аздап өсіп, 66,9%-ға жетті (66,2%). Ақылы қызметтердің бағасы өскенін айтқандар үлесі де 12,5% болып, сәл өсім байқалды (11,8%).

2024 жылғы қыркүйекте респонденттердің көпшілігі азық-түліктен – ет пен сүт өнімдерінің, жеміс-жидек пен көкөністің бағасы өскенін байқаған. Азық-түлік емес тауарлардан ел тұрғындары – дәрі-дәрмек, киім мен аяқкиім, тұрмыстық химияның бағасы өскенін айтқан. Ақылы қызметтердің арасынан респонденттер ең үлкен дәрежеде – тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінің, интернет пен ұялы байланыс қызметтерінің және медициналық қызметтің бағасы едәуір өскенін алға тартты (2-график).

2-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері



Азық-түлік емес тауар мен қызмет түрлері




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

## Халықтың тұтыну көңіл-күйлері


2024 жылғы қыркүйекте тұтыну көңіл-күйінің индексі 115,7-ге дейін өсті (2024 жылғы тамызда – 112,7) (3,4,5-графиктер). Күтулерді бағалау бойынша алдағы бір жылдағы елдің даму перспективалары 1,6 пунктке өсіп, 130,5-ке жетті. Ал алдағы 5 жылдағы перспектива 0,4 пунктке өсіп, 106,5 болды. Сонымен қатар, келер жылы жеке материалдық жағдайдың өзгеруін бағалау көрсеткіші 3,6 пунктке артып, 126,5-ке жетті.

Сондай-ақ, қазіргі жағдайды бағалауда жеке материалдық жағдай көрсеткіші кейінгі жылы 3,4 пунктке өсіп, 103,2-ге жетті. Ал қомақты қаржыға сауда жасауға дайын болу 6,3 пунктке өсіп, 111,9 болды.


3-график. Тұтыну көңіл-күйі индексі<sup>2</sup>

Источник: Результаты опроса населения, FusionLab

## 4-график. Күтулерді бағалау



## 5-график. Қазіргі жағдайды бағалау



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

**ЕСКЕРТУЛЕР**

**1** 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті. Бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

**2** Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.